

**Шығыс Қазақстан облыстық А.С. Пушкин атындағы кітапхана ұжымының,
ауыл тарихын зерттеуге арналған
«АУЫЛЫМ – АЛТЫН БЕСІГІМ» атты,
Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған шығармашылық
жобасы.**

«ТАСБАСТАУЫМ – ТАЛ БЕСІГІМ»

Алыс жүрсем аңсағаным – Шілікті!
Жақын жүрсем таң самалым - Шілікті!
Ұзақ сапар аман-есен оралсам,
Алақайлап қарсы алатын – Шілікті! **Х. Балшабеков**

Адам үшін ең бір қадірлі де, қасиетті жақын адамың – «Ата-Ана» болса, екіншіден туып-өскен жерің екенін ауылыңнан біраз алыстап кетіп - қайта келе жатқанда сезесің. Ауылыңның төбесі көрінгенде ерекше сезімде боласың. Туған жердің ыстық болатынын білесің, қуанасың.

Он жылдық мектепті аяқтап арман қуып алдыма мақсат қойып, өзім сүйген өнердің бір жағында жүрсем деп ойлаушы едім. Сөйтіп жүргенде, 1980 жылы «Біз таланттыларды іздейміз» атты байқау болып, аталған байқаудан сүрінбей өтіп, Алматы қаласындағы Республикалық опера және балет театрының жанынан құрылған студияға, КСРО – ның халық әртісі Бибігүл Төлегенованың классына оқуға қабылдандым.

Сол аралықта бір айдай уақыт туған ауылымнан алыстап кеттім. Үлкен өмірге аяқ басқан алғашқы сапарым болатын, шойын жолды да сонда ғана көріп, Алматы шаһарынан ауылыма бет алғанда, ол сезімді айтып жеткізе алмаспын. Сол кездегі аудан орталығы Ақжардан туған жерім Тас-бастауға таяғанда, гүл болып жайнап тұрған астанамыз Алматы (сол кездегі) - менің ауылымның қасында түк болмай қалды. Ауылымның төбесі көрінгенде жүрегім атша тулап, аласа ғана үйлер, ақ шағаладай көрінді. «Кіндік қаным тамған жер» - деп, бекер айтылмайтынын сездім.

Кіндік қаным тамған жер Сақ патшасы табылған қасиетті өлке, қазан шұңқырында орналасқан Шілікті, кішкентай ғана төскейде жатқан оймақтай ауыл ТАС – БАСТАУ!

Үлкендердің айтуы бойынша совхоздың директоры болып, Әділов Ағзам 1950 - 1962 жылдары басқарып миллионер совхоз атанады. Құнапиянов Ғалым ақсақал 22 жыл басқарып, астығы үнемі бітік шығып, Тарбағатай ауданын алға жетелеген совхоз болған екен. Ауыл мәдениетінің көркеюіне, канал салдыртуға септігі тиген. Мал басын сақтап, жүн өткізуде, ірі қара малды көбейтуде нақты жұмыстар атқарылады.

Кейіннен басшылар ауысып Тияс Түсіпов директорлыққа келеді, экономикасын нығайту, мәдени тұрмыстық жағдайды жақсартуда еңбектері сіңеді. Заман ағымына қарай бірнеше директорлар ауысып, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары «әкім» сөзімен алмасты. Алдыңғы ағалардың сара жолымен 2021 жылдың шілде айына дейін ауылымның әкімі қызметін көп жылдан бері Құрмет

Сағиев атқарып келсе, «Сайлау-2021» өңірлерде әкімдерді тікелей сайлаудың қорытындысы бойынша ауылымның әкімі болып көп дауысқа ие болған Айдын Кеңесов сайланды.

Ауылымыз көршілес қытай елімен шекаралас болғандықтан әскери комендатуралар бүгінгі күнге дейін бар, сол кезде онда қызмет еткендердің дені басқа ұлт өкілдері болғандықтан болар, Тас – бастау (Сталин), Жалши (Ворошилов), Кәкен талды (Комсомол), Щукин (бұл отырықшы малшылар отыратын қора (баз)) адамның есімімен аталыпты. «Шағаноба», «Күзуін», «Кондюрин», «Көктекше» заставалары әлі бар.

Балалық шақтан есте қалған Мережан апайдан бастайын... ол кісі келе жатыр десе зәре құтымыз қалмай қорқатынбыз, себебі; укол (екпе) салатын, ауыл – ауылды аралап қолында үлкен сөмкесін көтеріп алып, тіпті кейде атпен де жүріп бүкіл жайлауды, тау-тасты кезіп жүретінін де көрген едік. Тағы бір ерекшелігі темекі шегетін және орыс тілінде сөйлейтін, темекіні ер адамдардан ғана көретін болған соң ба, әйелдің шеккені ерсі көрінуші еді. Медбике апайдың еңбегі сол кезде ауыл адамдарына сіңді, түрлі ауруларға қарсы екпелерді уақында жасап, атқарып жүрген жұмысына өте адал және берілген адам болды. Ұзын бойлы арықша келген апайдың бет әлпеті әлі көз алдымда.

Тас – бастау аталуының да тарихы тереңде, ауыл ескі және жаңа болып екіге бөлінеді. Сол ескі Тас-бастауда «Көндік» деген күш көліктері ретінде жылқы, өгіз малдарын ұстап баптайтын баз (қора) болды. Сол баздан төменіректе қайнар тұма бұлақ бар еді, суы мөлдір және өте тастай суық болған. Тұма кейініректе тартылғанға ұқсайды, көзі бітеліп қалды ма, тазалауды қажет етуі де мүмкін... Осыған байланысты ауыл «Тас-бастау» аталыпты.

Шілікті аталуының да себебі мынау шығар, Шілікті мен Тасбастаудың ортасында саздауыт (сыз) жер бар, сол жерден жасыл томарлы топырақты (халық арасында шым деп те атайды) ойып әкеліп қора-қопсы да тұрғызып жататын. Сол жерде қалың ши де өсетін. Сол шиді орып әкеліп, оның орта тұсынан буып, есік алдын сыпыратын сыпыртқы жасайтын еді аналарымыз. Сол шилерден өренің үстіне құрт жәйатын жәйма, сондай-ақ киіз үйге бір жағынан сәндік үшін, бір жағынан жылулыққа тән етіп керегенің ішінен айналдыра құратын ши түскііз тоқылатын.

Шығыс Қазақстан облысындағы Шілікті ауылын бүгінгі күнде республикамызда білмейтін адам кемде-кем. Олай айтатын себебім; Шілікті топырағы тарих еншісінен көп орын алған, топырағын түртіп, тасын лақтырсаң көне тарихи ескерткіштерге тап болатұғын қасиетті жер.

Ел арасында Асанқайғы желмаясымен жерұйықты іздеп жүріп Тарбағатай, Сауыр-Сайқан, Маңырақ осы үш таудың ортасында орналасқан – менің туып өскен жерім Шіліктіні көргенде, бір ғана қақпа жетпей тұр – әйтпеген де нағыз жерұйық екен деген аңыз да бар.

Шілікті жазығын сақ тайпалары мекендеген екен. Бүгінде оған көп дәлелдер бар. Алғаш 1914 жылдан бастап Шағаноба қорымдары қазылса, 1949 – 1962 жылдар арасында Шілікті қорымдары қазылған, 2003 жылдан бастап Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары кірісіп, Қазақ тарихындағы екінші «Алтын адам» осы өлкеден табылды.

Республикалық маңызы зор табылған Сақ патшасының мүрдесін Алматыға әкеліп үш жыл зертханада ұстағанда, ауылымыздың табиғаты күрт өзгеріске ұшырап, бұрын-соңды болмаған дауыл мен су алып, қалың қар астында қалып, табиғат ерекше күйге түсіп адамдардың мазасы кете бастапты. Сол мүрдені республикамызға белгілі адамдардың көмегімен ауылға әкеліп, «Бәйге төбе» (көр төбе) басына қайта жерлеген соң барып, табиғат сабасына түсіпті.

Жазушы Советхан Ғаппасов өз жазбасында, ауылымыздың азаматы, қоғам қайраткері Айдын Егеубаев телефон шалып, ҚР «Мәдениет саласының үздігі» Сахан Әкелеев екеуінің ауыл адамдарының мұң - мұқтаждарын жазып жүріп, Сақ патшасының мүрдесін алғандарын, енді қайта жерлеуге көмек көрсетуін сұрағанын, сондағы көрген тылсым дүниені түгендеп жазады.

Ауылға әкеліп ойға алған істерін тындырып, орнына қойып, ақсақалдары жиналып құран-қатымдарын түсіріп, ауылдан - Алматыға қарай шыға бергенде, ризалықпен басын иген ит, қиқулай ұшқан сұлулықтың символы аққу және үлкен нар түйе – қайтуға жолға шыққан адамдардың алдына шөгіп, рақмет айтқандай болып басын иіп, сағымдай сол мезетте жоқ болып кетеді.

Сөйтіп ауылымыздан шыққан азаматтардың көмегімен Сақ патшасының мүрдесі өз орнына 2013 жылы маусым айында қайта жерленеді. Мына болған жағдайды қараңыз, мүрде бастапқы өз орнына жерленген соң, өзгеріске ұшыраған ауа – райы да қайтадан бұрынғы қалпына келе бастайды.

Осындай тылсым дүниенің қасиетіне қалай таңданбайсың, табынбайсың. Бір жаратушы Алланың хақ екеніне еш күмән келтірмеймін. Бұл туралы аудандық, облыстық басылым беттерінде де уақытында жарық көрді.

Сол кездегі совхоздың орталығы Шілікті мен Тасбастау фермасының ортасында үлкен ортасы ашық оба (халық арасында жырық оба деп аталатын қорымдар бар еді), сол сияқты ірілі-ұсақты обалар жеткілікті болатын. Бала кезімізде ауылдың маңында орналасқан обалардың төбесіне шығып ойнаушы едік, қыс кезінде төбесінен төмен қарай шанамен сырғанайтынбыз...

Шіліктіден табылған алтын заттарды түгелдей түрлі техникалық сүзгіден өткізіп, жоғары сараптамалар жасалады. Бұл жалпы Қазақстан елінде табылған алтындардың ішіндегі ең жоғарғы санаманы құрайды. Солардың ішінен «Бәйгетөбе» (ауыл тұрғындары «Көр төбе» атаған) деп аталатын үлкен обада тамаша жәдігерлер табылады. Бірақ, кезінде бұл аталған қорымдардың барлығы дерлік тонаушылыққа түскен екен.

1979 – 80 жылдары Тасбастау он жылдық мектеп болады деп, 9 сыныпты Тасбастаудан оқып, соңғы 10 сыныпты Шіліктіге велосипедпен барып, ал қыс кезінде арнайы автобуспен қатынадық. Осы кезде балалығымыз болу керек, обадан (қорымдардан) қорқыныш дегенді білмей өстік.

Негізі менің туып-өскен жерім де қар жауса көп жатпайтын, қолға ұстаған ірілі - ұсақты малдары қыс бойы далада жайылып шығатын. Бір қызығы ауылда екі бірдей желдің аты бар. «Қарасай» дейтін желі бар, сол соқса күнде жылынып сала беретін, ал «Күзуін» желі соқса онда ызғар бар болатын. «Қарасай соқса құт - Күзуін соқса жұт» деген сөз де содан қалған болу керек.

Шілікті өңірінде көптеген аңыздар да бар, солардың біразын айта кетпекпін; бойында әулиелік қасиеті бар, Жалшидегі Зейнолла баба мазары салыну

ерекшелігіне байланысты, Қазақстан Республикасы ескерткіштері қатарына кірді. 1925 жылы күмбез-мазар, әр түрлі құймадағы қызыл кірпіштен Жалши жерінде салынған. Кірпішке аттың жалының қылын қосып дайындаған, кірпіштің бір – бірімен байланысы берік болып, оның мықтылығын нығайтады екен. Мен екінші классты Жалшидегі мектептен оқыдым. Ондағы мұғалімім Фарзана апай еді. Оқушы кезімде аталған мазардың жанында малдар көлеңкелеп жататынын да көретінмін. 1980 жылдары мазарға ұсақ-түйек жұмыстар жүргізу арқылы қайта өңделді.

Ал, «Кергентас» жайлауындағы керілген қадау-қадау тастар, жаугершілік заманда қалмақ әскерінің қаны тамған жерге, тасты қадап қанды жасыру мақсатында қойылған деген аңыз да бар. Сол қадалған тасты да өз көзіммен көрдім. Екінші бір аңызда жоңғар-қалмақ соғысы кезінде қазақ әскерінің саны аз болғандықтан, көп етіп көрсету үшін жерге тастарды қадап орнатқан көрінеді. Әдейі таңдалған сүйір, сопақша тастар. Біздің кішкентай кезімізде 80-90 см болатын орнатылған тастардың кейбірі жантайып, кейбірі сол күйінде тұратын.

Кергентас жайында ақын, ауылдасымыз **Хамит аға Балшабековтың** мынадай өлең жолдары бар;

– керемет тас, керілген тас

Қолынан адамдардың өрілген тас

Тізіліп үнсіз, тілсіз тұрғанымен

Тарихтың куәсіндей көрінген тас.

Міне, Шілікті жазығында қаншама тарих жатыр... Сол сияқты, Зайсан мен Тасбастаудың ортасында орналасқан Сауыр тауындағы «Жәнделі сайының» да өзіндік тарихы бар, мысалы; қытай мен қызылаяқтылар еркін, тыныш жатқан елді жаулап алу мақсатымен келіп кіргенде, Жәнделі қыздың жиған қолы - тау басына жинақталған таспен, найзамен, тойтарыс берген екен. Бүгінде сол сайды, ел арасында «Ресторан» атап кеткен. Ол жерден өткен адамдар Жәнделі қыздың ескерткішінің қасына тоқтап, сол жердегі «Әулие бұлақтан» су ішіп, дем алады.

«Гүліндей жауқазындай нәзік жүзді,

Халқымыз ұмытқан жоқ асыл қызды.

Азаттықтың аққуы – Жәнделінің

Жауға аттанған Сауырда жатыр ізі».

Ақын Ноғайбайдың Жәнделі туралы өлең жолдары халық есінде осылай сақталыпты.

Бұрындары Шілікті совхозы Зайсан ауданына қарасты болыпты. Кейіннен Тарбағатай ауданы ауыл шаруашылығымен оның ішінде қой өсірумен айналысқанда, жерінің кендігі мен жайлылығына байланысты (1950 жыл нақты емес) 1997 жылға дейін Тарбағатай ауданының құрамына берілген. Мен алтыншы класс оқып жүргенде 1976 жылы туу туралы куәлігімді Тарбағатай ауданы, Шілікті совхозы деп ауыстырып алдық. Оған дейін Зайсан ауданы Шілікті совхозы деп жазылған болатын. Бүгінде қайтадан Зайсан ауданына бекітіліп берілді. Туған жерімнің шағын тарихы осындай.

Әдебиетсіз, мәдениетсіз халық болмайтыны белгілі, негізі осындай киелі топырақтан жаралған жергілікті тұрғындардың көбі - ән десе елітіп, жыр десе толқитын, домбыра ұстаса шанағынан күй төгілетін жан-жақты. Мысалы, халық

арасында жақсы адамның ұрпағын «Алтынның сынығы» деп жатады. Жалпы, Шығыстың топырағы - ақындар мен алыптардың, әншілер мен жыршылардың дүние есігін ашқан жері.

Осы орайда, бүгінде баршаға мәлім болған Шілікті жерінен, Сақ патшасының топырағынан дән болып өнген, алтынның сынығы, жақсының ұрпағы, өнерге бай, табиғатынан дүлдүл республикамызға белгілі дастандар мен қиссаларды жинақтаған, қара сөздің шебері, ақын Ахметов Ержан атамыз болса... Киелі құт мекеніне, туып өскен жеріне деген шексіз махаббаттарын өлең жолдарына сыйдырып, ән етіп әуелеткен азаматтар қатары баршылық, олар; Хамит Балшабеков, Тома Тұрақбаева, Оралбек Бөкебаев, Қайса Есмұратов, Сахан Әкелеев, Тақат Сүлейменов, Айгерім Жүрекбаева, Фарида Сарышева, Тілеш Маткаримов, Халелхан Ибрайымханұлы, Елдос Құлжабаев, Еділ Майзақов, Рауан Саханов, Дастан Қабылбаев... т.б.

Сондай-ақ, еңбегімен ер атанғандар; «Социалистік еңбек ері» Зада Сепсекенов ақсақал, Сүлейменов Марат, Бақытбек (Бақан) ағаларым, ұстазым Райов Рысбек, Абижанова Сәуле. Шоқышев Ғабдулхақ Ысқақұлы генерал-майор және подполковник шеніндегі әскери салада қызмет еткен Манарбек Садықов сонымен қатар, Тарбағатай ауданының құрметті азаматы, көп жылдар денсаулық сақтау саласында қызмет еткен Мағжаев Марат ағамыз, Бекзат (Бекеш) Айтбаев Шілікті аумағы мен Зайсан ауданындағы белді, білікті жоғары санатты, дәрігер маман және Өскемендегі С.Аманжолов атындағы мемлекеттік университетінің ғылым кандидаты, доцент (*бүгінде зейнеткер*) Жылқыбаева Амантай Шаймарданқызы, аталған университеттің профессоры, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Қартаева Айжан Маратқызы - бұл адамдар ауылын ардақтаумен ғана шектелмей, республикамызға танытып, таныстырып келеді. Ауыл, аудан, облыс жұртшылығы үшін үлкен мақтаныш.

Осы берекесі мен бірлігі ұйып тұрған ауыл адамдарының айтуы бойынша, (1960 – 1970) жылдары менің әкем - Кеңесхан, інісі Тынысхан Лақаевтар, бұлбұл үнді Тома апай, Қанат Айдарханов, Мұрат Мұхамадиев, Мағау Раханова, Мақан Сейсенбаев, Сансызбай Ахметов, Шәкер Машиев, Шәйзрат Қабылбеков, Мәулімхан Мадиев, Батима Рахымжанова, Сәния Айдарханова т.б. көркемөнерпаздар үйірмесінің белсенді мүшелері болған. Осы әншілерді баян аспабында сүйемелдеуші Еркебұлан Шоматанов ағамыз болатын. Музыкалық білімі бар, әншілерді сүйемелдеп, дауысқа бөлудің шебері еді, 1973-74 жылдары ол кісі отбасымен Шіліктінің бір бөлімшесі Қарасайға көшіп кетті.

Әкем жарықтықтың есімі ауызға оралған соң айта кетейін, адам өзіне ұқсас, ойы мен пікірі сәйкес келетін адамды іздейді екен. Ол қалайда Тақатты іздеп, оның қоңыр дауысын сағынып, «ой, пәле - ай», «бәсе» деп айқайға басып қоса дүркірете әнге салып, ұйқысыз түнді өткізетін күндер де болған еді. Ол кісілер қиссаларды жатқа айтып, түнімен ән - жыр тыңдайтынбыз. Әкем жарықтық дастархан басында отырғанда айтқан сөзі құлағымда қалды. Қарашаға «Өлең аласың ба – көген аласың ба» депті... Сонда арғы атамыз Қараша «өлең» депті. Егерде «көген» десе, басқаша болар едік деп күлетін. Әрине рухани байлыққа не жетсін. Адамның көкірек көзі ашық болса, қандай қиыншылық болса да тұңғыыққа тірелмей шешімін табады.

Өткенге оралсақ, Тақат ағамыздың әкесі Сүлеймен Ахметұлы, Ержан атаның інісі Қытай жеріне 1928 жылы өтіп, 1930 жылы қайтадан елге оралған екен. Осы аралықта туған жерін аңсап «Қызыл Шілік» деп жазған өлеңін Тақаттан ауызба – ауыз жазып алған едім, халық әні әуенімен «Бір мүше малға біткен ортан жілік, сағындым қайран елім қызыл Шілік» деп әр куплеттен соң қайырман екі қайтара әуелетіп, аса бір толғаныспен орындады.

«Қызыл Шілік»

Қара еміл, арғы бетте белді өзен,
Қожыр ғой елім асқан айыр кезең.
Жүректе қайғы шерім толды-ай деймін,
Айырылып қайран елім Шілік сенен.

Бір мүше малға біткен ортан жілік
Сағындым қайран елім қызыл Шілік

Кергентас, Шағаноба, Сәмен-Сауыр
Маңырақ, кішкене тау туған ауыл.
Қош айтып бірақ түнде асып кеттік
Аман бол көріскенше аға бауыр.

Ағатын Кемпірбұлақ тасты аралап,
Жүруші ем Қанды суда су жағалап.
Қожыр мен Қотанашы саған келіп,
Қалдым ғой кекіліктей тас сағалап.

Осы кішкентай ғана ауылдың тумасы, Тақат Сүлейменов - Ержан Ахметов атамыздың тікелей ұрпағы. Суырып салма ақын Тарбағатайлық Абаш ақын екеуі кезінде жыр додасына бірге түсіп, аудан мен облыстың жыртысын жыртып, намысын қорғаған ағамыздың да туған ауылы жайында жазған мына бір өлең жолдарын ұсынамын:

Тарбағатай мен Зайсанды бөле алмаймын,
Аты естілсе екеуіне де аландаймын.
Екі елдің елі де бір, жері де бір,
Мұндай жер іздегенмен таба алмаймын.

Тарбағатай қоянжон, керімсалым
Сауыр, Сайқан, Самендей құлын жалым.
Шалқыған баурайында қызыл Шілік
Көсіліп, көлбеу жатқан Маңырағым.

Жағаң жәй, жайлауың бай құтты мекен,
Төскейде малы, төсекте басы бөлінбеген
Берекесі осындай бұзылмаған...
Болса екен, ауыл аймақ, ел жұрт тыныш!

Деп, ағайынға амандық тілеуші Тақат Сүлейменұлы!

Туған жерге деген сүйіспеншілік кішкентай ғана ауылыңды сүйоден басталады. Кішкентай кезімізден көріп өскен соң, ес жиып, өзіңе бағыт-бағдар бере бастағанда ең бірінші есіңе түсетіні ұстаздарың екен. Сол адамдардың киім киісі, шаш үлгілері, өздерін ұстауы көз алдыға келіп, бойжеткен кезінде еліктеушілікте содан пайда болатыны шындық. Өйткені ауылда интелегенция өкілдері осы ұстаздар еді.

Ұстаз – деген ұлы есім, екінші анамыз іспетті, үйде анадан, мектепте ұстаздан, өсе келе өмірдің өзінен тәжірибе жинап, өзімізде ұстаздық жолға түсе бастаймыз. Мектепте алғаш Рахымбаева Баян апайдан дәріс алып, Мырзабаева Рсалды, Мықиянова Нұрбаш, Мұсабекова Нұрғайша апайларым білім жолын жалғастырды. Әр ұстаздың өзіндік ерекшеліктері де бар еді.

Ауылымыздағы саман кірпіштен қаланған мектеп заңғарадай биік көрінетін. Сол мектептің директоры, химия пәнінің мұғалімі Абай Мұқанбаев еді. Зайыбы Мәрзия апай да алгебрадан сабақ берді.

Тарих пәнінің мұғалімі Шәріпхан Сейсенбаев ағай, Саттар Аманбаев география мұғалімі, Төкен мұғалім ше, маң – маң басқан, Оразғалиева Люба, Нұрсилынова Рабиға апайларым орыс, неміс тілдерінен сабақ берген. Бәрі, бір – бір тұлға, бір – бір тарих. *(Жатқан жерлері жайлы болсын)*

Мен өзім ән айтуды жақсы көргендіктен, жұмасына бір – ақ рет болатын ән – күй сабағын асыға күтуші едім. Қайырбек мұғалім баянын көтеріп классқа кіргенде өз – өзімнен ыңылдап ән бастағым келіп тұратын. Соны білгендей ағайым да, (ол кезде байқаулар, ауылдық, аудандық т.б концерттер жиі болатын еді ғой) баянның тілдерін жоғарыдан төмен, төменнен жоғары ойнатып жіберіп, байқауға мынадай ән үйренеміз деп өзі бірінші айтып беруші еді.

Сондай – ақ, біздің Тасбастау ауылының тұрғындары шетінен өнерпаз болатын. Радио арқылы үйренген әндерді екі дауысқа салып жіберіп концерттерде айтып тұратындары есімде. Мектептегі домбыра, би, сурет үйірмелері бар, соның бәрінің басы қасында Аңқабаев Қайырбек мұғалім жүретін.

Тәлім – тәрбие беріп, өздерінің жақсы қасиеттерін шәкірттеріне дарытып, дұрыс бағыт – бағдар берген ұстаздарыма менің алғысым, айтар рақметім көп. Қай кезең болмасын ұстаздың орыны қоғамда жоғары бағалануы тиіс. Ғалымда, шахтерда, тігінші мен әнші де, кемеші мен даяшы да - ұстаз алдын көріп барып қияға қанат қағады. Ұлағатты ұстаздарыма мың алғыс!!!

Сол кездегі баратын жеріміз клуб үйі, кітапхана. Басқа ауылдан немесе аудан орталығынан келген өнерпаздардың концертіне тайлы-тұяғымызға дейін қалмай барып, аядай клуб ішінде ине шаншар жер жоқ болушы еді...

Осы ауылдың тумасы, Тасбастау мектебінің түлегі, класстасым Бағылаев Ақылбекті айтпай кетсем күнә болар. Ойын баласы болсақта ауылымызда сынықшы - құмалақшы адам барын білеміз, мал жоғалса немесе оқыс жағдайлар болса, осы Ақылбектің анасы Бикамал апайға барып құмалақ аштыртып жататын. Жәнесін де ол кісінің құмалағы да нақты сөйлейді дегенді жиі еститінбіз. Қолы шипалы, яғни емшілік қасиеті бар еді. Осы текті қасиет ұрпақтарына беріліп Ақылбек шипагер, емші - сынықшы болып шықты. Ол бірнеше сертификаттардың

иегері, оның ішінде «Әлемдік рухани және дәстүрлі емшілер қауымдастығы», «Бүкіләлемдік психологтар, рухани және дәстүрлі емшілер қауымдастығының мүшесі», «Халықаралық экология академиясының академигі» және «Гиппократ» медальын кеудесіне тақса, дәстүрлі халық медицинасының дамуына белсене қатысқаны үшін «Құрмет» грамоталарының иегері екен. *(бәрінің арнаулы құжаттары бар)* Ақылбектің бірге туған інісі Болатта осындай қасиеттерден кенде емес екенін ұзынқұлақтан естіп жатамыз.

Сол сияқты, оқушы кезімізде бірге сахнаға шығып талай олимпиядалық байқауларда жеңімпаз атанып, сатираны саңқылдатып тұрып шегіне жеткізе орындайтын Бақытгүл Қайранова (Бақа апай атанып кеткен) ауылдасымның ұлы, туған жері туралы жыр толғап жүрген өзімнің бауырым Рауан Сахановтың да ауыл жөнінде жүрегін жарып шыққан өлеңін біле жүріңіздер. Сөзі мен әуенін келістіре жазған Рауан Бақытбекұлына денсаулық, өнер мен өмірдің жолында талмай еңбек етіп, шығармашылықтың шыңына шығуына тілектеспін!

«Зайсаным» атты өлеңі былайша өріледі... (сөзі мен әні өзінікі)

Ажарынан нұр шашқан - сұлу Зайсаным,
Асқар таулы шалқыған - көлім Зайсаным
Тамылжыған табиғат тұнған айналаң.
Ұлылардың мекені болған - Зайсаным.

Сайыр – Сайқан, Маңырақ тауларың қандай
Шіліктідей өңірің тарихқа таңдай!
Үлкен - кіші Қаратал, Дайыр мен Кеңсай,
Айнабалақ, Тасбастау, Жарсу, Көгедай,
Айта берсем таусылмас жерім осындай... осылайша жырлап келіп, өзі туған ауылына да сөзі мен әні қабыса кеткен мына бір өлеңді арнайды.

«Тасбастауым»

Бауырында Сауырдың
Көрінгенде ауылым
Бір керемет сезім билейді
мені...
Жеткізе алмай сезімді
Баса алмай төзімді
Ашпай, жұмған көзімді
келемін мен...

Әрдайым ашық аспан
Жұлдыздар жымындасқан
Жастары шуылдасқан

Тасбастауым!... деп, берекесі мен бірлігі артқан ауылына деген көл – көсір көңілін жырына қосады.

Сондай-ақ, осы ауылдың тумасы менімен он жылдық мектепті бірге оқыған, мерекелік кештерде әуелете ән салатын, парталасым Қабылбаев Болаттың ұлы Дастанның туған жеріне деген ыстық махаббаты да өлең болып жазылып, ән болып тарағанын, бірі білсе, бірі білмес;

Шілікті

Сауырдан күліп таңында тұрар шығып күн,
Көркіңе қарай қасиетінен сыр ұқтым.
Сағынып сені құса боп ұлың барғанда,
Ақ бесігімдей самалың тербер Шіліктім.

Артыма қарай кетемін барсам қимастан,
Күйбелең тірлік артымды кетем жимастан.
Жырыма сені қосқанда алам құшаққа
Ал өзім кетем құшағыңа сенің симастан.
Тарихың терең сыр жатқан,
Шежірең толы жыр дастан,
Арман жоқ менде...
Сенде өскен қайран Шіліктім!

Деп, шежірелі Шіліктіден соң...

Дүбірлі той ен даласы шарқ ұрған,
Жырлап өткен Ержан, Хамит ақындар
Қанын төгіп қанды суға жоңғардың,
Қорғап берген Қабанбайдай батырлар!
Дей келе,
Бірі – әнші, бірі - ақын, бірі – сері,
Өнерлі бес аспаптай кейбіреуі.
Ешкім де ешқашанда сын айта алмас,

Бұл біз ғой Тасбастаудың жігіттері... деп, ауылдастарының өнеріне де тәнті болып жатады.

Енді осы тарихқа тұнып тұрған ауылымызды көркейту, болашаққа қаймағы бұзылмаған күйінде жеткізу бүгінгі толқынның еншісінде.

Жоғарыда есімі аталған Саханов Рауан Бақытбекұлының бастамасымен - осы ауылда туып өскен, түлеп ұшқан барлық дерлік азаматтар мен азаматшалардан шама-шарқынша тиын-тебендерін жинап, ауылға тиіп тұрған ата-бабаларымыздың мәңгілік мекенін мал таптамасын деген мақсатпен қоршатып, кіре берісіне ауылдың атауын жаздырған қақпа жасатып игілікті істер атқарылуда.

Бұл да заманауи жастардың көкірек көздерінің ашық, саналарының салауатты өмірге деген көзқарастарының жарқын екенін білдіреді. Яғни, алтын бесік ауылына деген махаббаттары, ата-баба рухына тағзым ету, шежіреге үңілу – бүгінгі жас толқынның санасына берік орнағанын білдірсе керек.

Шілікті – облыс, аудан әкімінің жіті қарауында, заман ағымына қарай жаңаша түрлеп, музейлер ашу, жан-жақтан келген қонақтардың тарихи жерлерді аралауына жағдай жасау жоспары жасалынған.

Еліміздің Тәуелсіздігіне ата-бабаларымыздың аңсаған азаттығына да 30 жыл толды. Осының арқасында тіліміз бен дініміз қайта оралды.

Шілікті шекаралық аймақ және табиғаты жайлы болғандықтан, халықтың бұл аймақта табиғи өнімдер - бидай, дән дақылдарын, шекілдеуік, картоп өнімдерін өсіруге, ата кәсібіміз мал бастарын көбейтуге өте қолайлы жер. Ауылдың қадір – қасиетін сақтап қалуда, қалаға үдере көшпей тұрғылықты жерлерінде қалғандары дұрыс.

Десе де, шуы мен биік мұнаралардан шығып жатқан түтіні және буы көп қаладан қашып, ауылын аңсап, бір бас малымды екеу етіп, таза бал-қаймағымды өз қолыммен сүзіп жегенге не жетсін деп, қайтара көшіп келіп жатқандар да бар. Жастар жағы ауылдан кетпесін десек, аудан, облыс басшыларының ауылға деген көзқарастары жаңаша бағытта өрбіп, тарихы тереңде жатқан ауылымның көркейгенін қалаймыз. Ол үшін тұрғындарға жағдай жасалуы тиіс.

Аудан орталығы Зайсанмен екі аралықтағы көлік жолының қай заманнан жөндеу көрмегені туралы ауыл азаматтары әлеуметтік желі де мәселе көтерген еді... қазіргі уақытта аудан әкімі Серік Зинабекұлы Зайнулдиннің басшылығымен, Кеңсай ауылы мен Шілікті ауылдық округінің арасындағы жол жөндеу, яғни асфальт төсеу жұмыстары басталғаны туралы естіп қуанып қалғанымыз шындық. Жалпы, Серік Зинабекұлы тәжірибесі мол, беделді әкім.

Толық қанды ел болу үшін, қастерлі тіліміз, ұлттық болмысымыз, салт-дәстүр, береке – бірлігіміз, жөн-жоралғы – осының бәрі нағыз елдігімізді сақтайтын қасиеттер осы ауылда тұнып тұрған жоқ па!?!...

Туған жерім, балалық бал дәуренім өткен ауылымды – ауаны бәлендей дерлік қомақты болмаса да, мен және менің ауылдастарым үшін өте қадірлі, қасиеті жоғары біраз есте қалғандарды, көзім көрегендерді қағаз бетіне түсіруге тырысып бақтым. Ұмыт қалып, есімдері жазылмай қалған жерлестерімнен алдын – ала кешірім өтінемін. 1980 жылы мектепті аяқтап, ақ қанат арман қуып ауылымнан алыстап кеткеніме де 41 жыл болыпты...

Ұлтымда бір ғажайып сөз бар, «Тал бесіктен – жер бесікке дейін...» аралықта - еліміздің қай аймағында жүрмейік, әрбір көкірегі ояу қазақ азаматының туып-өскен жеріне деген махаббаты, жүрегінің бір түкпірінде жататыны анық.

Жер-жердің бәрі жақсы, бірақ өзің туып өскен жер бәрінен де жақсы!

Еліміздің президенті Қ.Тоқаев өз сөзінде 30 жылдық мереке айқай-шу, той-думанмен емес, тарихи оқиғаларға толған мереке ретінде есте қалу керек деді.

Олай болса, жарқын болашақ үшін әрқайсымыз ауылымызды көркейтуге атсалысып, үлес қосайық!

Тәуелсіздік мерекесінің 30 жылдығын лайықты қарсы алып, ойға алған істер орындалып, туған ауылымды өзгеше түрленген жағдайда көруге жазсын!

Мереке құтты болсын достар!!!

1. Жазба барысында Х. Балшабековтың және Ноғайбай ақынның өлеңі, Шағаноба қорымының жылдары дереккөзден алынды.

2. Т. Сүлейменовтан өлең сөздерін ауызба - ауыз жазып алдым.
 3. Р. Саханов пен Д. Қабылбаевтың өлеңдері өз жазбаларынан алынды.
- Басқалары көзалдымнан өткен және есте қалғандар.
(Жазбада аталған адамдардың кейбірі бұл өмірде жоқ)

Үміткер:

Лақаева Шолпан Кеңесханқызы ҚР «Мәдениет саласының үздігі»

Туған жылы: 20.02.1963

Байланыс тел: 8 (705) 814 90 63; Naplosh1963@mail.ru

Қызмет орны: Облыстық драма театры, әдебиет бөлім меңгерушісі

Тұрғылықты жері: Өскемен қаласы, Жібек-маталар қалашығы.